

не носит однозначно конфронтационный характер. Ее можно назвать соперничеством или конкуренцией. Однако несмотря на сложную ситуацию, между странами-участницами все-таки существует желание сотрудничать, что естественно радует. А поводов для сотрудничества в Центральной Азии, действительно, большое множество.

Хотелось бы быть уверенными, что государства ЦА будут находиться в центре, а не вне этого «большого квадрата».

- 
1. Э. Усубалиев Проблемы и перспективы политического курса Японии в Центральной Азии // Институт Стратегического Анализа и Прогноза, 2008, 05 ноября.
  2. О. Сидоров Внешнеполитическая доктрина Японии по отношению к странам Центральной Азии // Информационно-аналитический портал [www.gazeta.kz](http://www.gazeta.kz) // 2004, 28 апреля.
  3. Политика Японии // Сотрудничество и безопасность в ЦА: состояние и перспективы. // Отв. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при президенте РК, 2008. - с. 233-242.
  4. Официальный сайт Министерства иностранных дел Японии <http://www.mofa.go.jp>
  5. Япония нацелилась на энергоресурсы Центральной Азии // газета «Коммерсант», 2006, 30 августа.
  6. В конце августа премьер-министр Японии впервые посетит республики Центральной Азии // газета «Йомиури», 2006, 21 июля.
  7. Э. Усубалиев «Трансформация Центральной Азии в коридор мира и стабильности» - новая инициатива Японии // Аналитика // Дальний Восток // Япония, 2007, 21 марта, с. 4.
  8. Э. Усубалиев Роль Японии в Центральной Азии // Институт Стратегического Анализа и Прогноза, 2008, 18 марта.
  9. Д. Косырев Центральноазиатская дилемма Коидзуми // РИА Новости, 2006, 30 августа.
  10. Япония заинтересована в энергоресурсах Центральной Азии // по материалам ИТАР-ТАСС, с ссылкой на данные газеты «Асахи симбун», 2006, 24 августа.

*Г. Байкушикова*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚПЕН ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ ЖАЙЫНДА**

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлде жаңа мемлекеттік жүйесінің құрылуының және қалыптасуының, қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқарудың жылдары болды. Бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және дәйекті іске асыруды қамтамасыз етті. Алайда, Қазақстанда көптеген онжылдықтар бойы қоршаған ортаға төтенше жоғары техногендік салмақ түсіретін, табиғат пайдаланудың көбінесе шикізат жүйесі қалыптасты. Сондықтан әзірге экологиялық жағдайдың түбегейлі жақсаруы бола қойған жоқ әрі ол бұрынғысынша биосфераның тұрақсыздануына, оның қоғамның тіршілік әрекеті үшін қажетті қоршаған ортаның сапасын оның қолдау қабілетін жоғалтуына апаратын табиғи жүйелердің тозуымен сипатталады [1].

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін БҰҰ-ның қоршаған орта және тұрақты даму бойынша конференциясының қорытынды құжаттарына қол қою арқылы, «Еуропаға арналған қоршаған орта» үдерісінің белсенді қатысушысы болуы арқылы, климаттың өзгеруі, шөлейттенумен күресу және биоәртүрлілікті сақтау сияқты маңызды халықаралық конвенцияларға қосыла отырып, сонымен қатар екіжақты негізде және аймақтық деңгейде келісімдерді белсенді ұсына отырып өзінің экологиялық қауіпсіздік және тұрақты даму идеяларын ұстанатындығын бірнеше рет дәлелдеген. Сондықтан болар қазіргі таңда экологиялық қауіпсіз және тұрақты дамуға көшу Қазақстанның даму стратегиясының басым бағыттарының бірі болып отыр.

Саяси және экономикалық реформаларды қатар жүргізе отырып, біздің мемлекетіміз Еуропалық Одақпен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуда. Осы ынтымақтастықтың құрамдас бөлігі ретінде экология саласын айтуға болады. Бұл саладағы Қазақстанның Еуропа

елдерімен қарым-қатынасындағы мүдделерінің бірі экологиялық мәселелерді шешу үшін еуропалық капиталды тарту болып отыр. Қазақстан жаһандық серіктестіктің негізінде мемлекеттік экологиялық саясатты тиімді жүргізудің кілті ретінде осы ынтымақтастықты пайдалануда.

Ал Еуропаға келетін болсақ, Еуропа ғаламдық экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі, сондықтан оны әрдайым қолдап, сол үшін жағдайлар жасап отырады, соның ішінде біздің аймақта да жағдайлар жасап отыр. Ол қоршаған ортаны қорғау саласында стандарттарды құра отырып және де экологияны өзінің аймақтық қауіпсіздігінің басты бір құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, басқа елдердің экологоцентристік бағыт пайдалануына түрткі болуға тырысуда. Еуропалықтардың ойынша Орталық Азия қаншалықты алыс орналасқанымен де, оның қоршаған ортасының сапасы нашарласа, уақыт өткен сайын ол Еуропаға өзінің кері әсерін тигізеді. Осыған орай Еуропалық Одақтың Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға қатысты мүддесі әрдайым ұлғаюда. 2009 жылдың 13 наурызында Астанада өткен экологиялық интеграция және тұрақты даму конференциясында қоршаған орта бойынша Еуропалық Одақ комиссары Ставрос Димас «Қазіргі кездегі әлем жылдан-жылға өзара тәуелді болып келеді. Бұл әсіресе қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты болып отыр, себебі әлемнің бір түпкірінде қоршаған ортаның жағдайындағы өзгерістер біздің барлығымызға әсер етеді. Сол үшін осы үдерістерді түсіну үшін және экологиялық мәселелерді шешу үшін, тиімді әдісті құру үшін әлемнің әр бөлігінің арасында ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу маңызды болып отыр. Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасында интеграциялық әдісті пайдалануда тәжірибе алмасу пайдалы әрі жігерлендіреді», - деп атап кеткен болатын [2].

Орталық Азияға қатысты айтар болсақ, онда Еуропа институционалды деңгейде аймақ елдері арасында өзара әрекеттесу үшін негіз қалаған болатын. Бұл Орталық Азиядағы аймақтық экологиялық орталықтың (CAREC) қызметінде көрініс табуда.

Орталық Азиядағы аймақтық экологиялық орталық Орталық және Шығыс Еуропадағы және Жаңа Тәуелсіз Мемлекеттерде қоршаған ортаны қорғау бойынша талпыныстарын қолдау үшін құрылған Аймақтық Экологиялық Орталықтар жүйесінің бірі болып табылады. Бұл орталық Орталық Азия елдерінің бастамасымен Еуропалық Қауымдастықтар Комиссиясының және АҚШ-тың қолдауымен құрылған болатын.

Орталықтың негізгі доноры Еуропалық Комиссия болып отыр. Еуропа елдерінің көмегімен бұл құрылым көптеген бағдарламаларды жүзеге асырып отыр. Атап айтсақ, экосаясат және қоршаған ортаны басқару; азаматтық қоғам бастамаларын қолдау; тұрақты даму үшін білім; су бастамаларын қолдау; климаттың өзгеруі және тұрақты даму бағдарламаларын жүзеге асыруда. Орталық Қазақстанда, яғни Алматыда орналасқан. Орталықтың азаматтық қоғамның экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуына әрекеттесуге қосар үлесі көп.

Сонымен қатар Қазақстан мен Еуропа елдері арасында Еуропалық Одақтың ТАСИС бағдарламасы шеңберінде көптеген жобалар іске асырылды. ТАСИС аймақтық бағдарламасы 2000-2006 жылдардағы Аймақтық стратегиясына сәйкес және онымен байланысты Индикативті бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылды. Соның ішінде Арал теңізі бассейнінде су ресурстарын басқару сияқты бағдарламалар болған. 2000-2006 жылдарға арналған аймақтық стратегия және индикативті бағдарлама қоршаған ортаны қорғауға нақты қаржы бөлуді қарастырмаған еді. 2007 жылдан бастап, ЕО-тың ынтымақтастық құралдарын қайта қарастырғаннан кейін Орталық Азия елдері жаңа бекітілген индикативтік бағдарлама негізінде қоршаған ортаны қорғау саласында 16,2 млн еуро көлемінде қаржылай көмек алатын болды. Ал осы бағдарламаға сай екіжақты ынтымақтастық шеңберінде Қазақстанға 44 млн еуро көлемінде индикативтік ресурс бөлінген [3]. Қазақстанның осы ресурстарды тиімді пайдалануына сеніммен қараймыз.

Еуропалық Одақтың Орталық Азияға қатысты Жаңа Стратегиясы да Еуропалық Одаққа Орталық Азиядағы экологиялық мәселелерді шешуге өзінің үлесін қосуға мүмкіндік беріп

отыр. Стратегияда қоршаған орта саласында тұрақтылық және су ресурстары деген бөлімшесінде Еуропалық Одақ:

- қауіпсіз сумен қамтамасыз ету, санитария және су ресурстарын интеграциялық пайдалану үшін «Еуропалық Одақтың су инициативасына» (EUWI-EECCA) EECCA (Шығыс Еуропа, Кавказ, Орталық Азия) компонентін енгізуді қолдайды;

- өзен бассейнін трансшекаралық пайдалануға, сонымен қатар «Каспий теңізі бойынша экологиялық конвенция» шеңберінде аймақтық ынтымақтастыққа әрекет етеді;

- жер бетінде және жер астында трансшекаралық су ресурстарын интеграциялық пайдалануға, суды тиімді пайдалану бойынша технологияларды енгізуге ерекше қолдау көрсетеді;

- су ресурстарымен байланысты инфраструктуралық жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік жасау үшін қажетті шеңберінде, сонымен қатар халықаралық қаржы мекемелерін және мемлекеттік, жеке сектор ынтымақтасу қорларын тарта отырып ынтымақтасты кеңейтеді;

- су ресурстарын интеграциялық пайдалану және гидроэнергияны өндірудегі аймақтық потенциалды нығайтуға қолдау көрсетеді;

- Орталық Азия елдерімен климат жағдайларының өзгеруі саласында, аймақтық деңгейде Киот хаттамасының механизмдерін енгізуді және пайдалануды қолдауды қоса ынтымақтасады;

- Орталық Азия елдерімен шөлейттенумен күресу және биологиялық әртүрлілікті қорғауда ынтымақтасу, сонымен қатар «Биологиялық әртүрлілік және шөлейттенумен күресу бойынша БҰҰ-ның конвенциясын» жүзеге асыруды қолдайды;

- «Құқықты қолдану және орманды басқару (FLEG)» үрдісі шеңберінде аймақтық шараларға әрекеттесе отырып, Орталық Азияның орман және басқа да табиғи ресурстарын пайдалануды жақсартады;

- қоршаған ортаны қорғау және экологиялық азаматтық қоғамды дамыту қажеттілігін түсінуде қолдайды, соның ішінде Орталық Азиядағы аймақтық экологиялық орталық (CAREC) арқылы жүзеге асырады [4].

Еуропалық Одақ және Орталық Азия елдері арасында 2007-2013 жылдардағы осы жаңа серіктестік Стратегиясының жүзеге асу аспектілері Орталық Азия елдерінің және Еуропалық Одақ «үштігінің» сыртқы саяси ведомстволары басшыларының кездесуі барысында талқыланған болатын. Бұл кездесу «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» аймақтық саяси диалогының кестесіне сәйкес 2009 жылдың басында Душанбеде өткен. Форум жұмысына біздің республика сыртқы істер министрі Марат Тәжин қатысқан болатын [5].

Марат Тәжин еуропалық серіктестерді Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ форматындағы серіктестіктің мақсаттарын жүзеге асыруда қосымша құрал болып табылатын «Еуропаға Жол» атты мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылу барысымен таныстырған. «Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастық мәселелері» бөлімінде экономикаға, саудаға және көші-қонға, энергетика мәселелеріне, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне экономикалық дағдарыстың кері салдарларын еңсеруге үлкен көңіл бөлінді.

Қазақстан-еуропалық ынтымақтастықтың локомотиві болуға танылған және де Қазақстанның Еуропа елдерімен қатынастарында сапалы «алға басушылықты» қамтамасыз ететін 2008 жылы бекітілген 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» атты Мемлекеттік бағдарламада өмір сүру сапасы саласында ынтымақтасу бөлімшесінде де Қазақстанның Еуропа елдерімен қоршаған ортаны жақсарту мәселесінде ынтымақтасуды тереңдету қарастырылады, соның ішінде ұлттық экологиялық заңнаманың еуропалық стандарттарға жақындастыру, трансшекаралық мәселелерді шешу саласында, биоәртүрлілікті сақтау, қоршаған ортаны тарихи ластанудан тазарту мәселелері бойынша бірлескен бағдарламалар құру қарастырылады [6].

Ұлттық экологиялық заңнаманы еуропалық стандарттарға жақындастыру мәселесінде де Қазақстан алғашқы қадамдарын бастаған болатын. Атап айтсақ, 2007 жылы қабылданған Экологиялық кодекс ұлттық табиғат қорғау заңнамасын унификациялау және оны

халықаралық нормалар және стандарттармен үйлестіру, нақтырақ айтсақ, Еуропалық Одақтың заңнамасына үйлестіру әрекеті болатын.

Өз кезегінде қазақстандық тарап еуропалық қауымдастықпен өзара қарым-қатынастарда «ынтымақтастық үдерісінің екіжақты сипатта» болуына талпынады. Парламент мәжілісінің спикері Орал Мұхамеджанов 2009 жылы мамырда өткен «Қазіргі таңдағы Қазақстан және «Еуропаға жол»» атты халықаралық ғылыми конференция барысында: «Қазақстанда құрылған «Еуропаға жол» бағдарламасы біздің елге үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазақстан өз тәрпынан біріккен Еуропамен ынтымақтасу үдерісінде екіжақты сипатқа үміттенеді және де біз еуропалық Одақ және еуропалық қауымдастық Қазақстанға деген және барлық Орталық Азияға деген өзінің ашықтығын көрсететініне сеніммен қараймыз. Екі жақтың келісімімен болған Қазақстан-Еуропалық жақындасу өркениет тұрғысынан алғанда көбінен еуропалық континенттің болашағын айқындайды», - деп атап кеткен болатын [7].

Бұл ынтымақтастық үлкен мүмкіндіктер береді. Себебі осы саладағы еуропалық тәжірибені үлгі ету *біріншіден*, Қазақстанда, Орталық Азия аймағында экологиялық қауіпсіздікті қаматасыз ету саласында механизмдерді құруға уақытты қысқартады, *екіншіден*, осы үдеріске тән қателіктерді болдырмауға мүмкіндік береді, ал *үшіншіден*, Орталық Азияның осы салада қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тез интеграциялануына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы «Еуропаға арналған қоршаған орта» үдерісіне де белсенді қатысып, жоғары деңгейдегі министрлер конференцияларына қатысатынын атап өткен жөн. Қазақстан 2007 жылы Белградта «Еуропа үшін қоршаған орта» үдерісі қатысушыларының Министрлерінің алтыншы конференциясына дайындық шеңберінде өткен Орталық Азия елдерінің қоршаған орта Министрлерінің мәжілісіне қатысып, Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасында экологиялық ынтымақтастықты кеңейтудегі конференцияның рөлінің жоғарылығын мойындады. БҰҰ-ның Еуропалық Экономикалық Комиссия аймағының экология министрлері Қазақстан Республикасының Еуропа үшін қоршаған ортаның келесі конференциясын 2011 жылы Астанада өткізу ұсынысын қолдаған болатын. Қазіргі таңда осы конференцияға белсенді дайындық жүруде.

Осылайша, Еуропа елдерінің Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда экологиялық мәселелерді шешуде техникалық және қаржылық көмекке әрекеттесуі ғаламдық экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі бір қадам болып табылады. Еуропалық Одақтың көмегі шешімі тек қоршаған ортаны сауықтыру ғана емес, сонымен қатар күшті ұлт және күшті ұрпақтың дамуына алып келетін негізгі мәселелерді шешуге мүмкіндік беріп отыр.

---

1. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы // [http://www.eco.gov.kz/kaz/strategiya/docs/keb\\_kz.pdf](http://www.eco.gov.kz/kaz/strategiya/docs/keb_kz.pdf)

2. <http://www.carecnet.org/assets/files/presentations%20conference/welcome%20speech%20EU.pdf>

3. Қазақстанға ЕО жәрдемдесуі 2007-2013. – Қараша, 2007. – 12 б.

4. Еуропалық Одақ стратегиясы – Орталық Азия 2007-2013 // [http://ec.europa.eu/external\\_relations/ceeca/c\\_asia/07\\_13\\_en.pdf](http://ec.europa.eu/external_relations/ceeca/c_asia/07_13_en.pdf)

5. <http://kazpravda.kz>

6. Государственная Программа «Путь в Европу» на 2009 – 2011 годы // [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/reference\\_info/07-way%20europe](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/reference_info/07-way%20europe)

7. Казахстан заинтересован в интеграции с Европой и рассчитывает на такой же настрой европейских партнеров // [www.inform.kz](http://www.inform.kz)